

**Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің "Мүгедек балаларды үйде тәрбиелейтін және оқытатын ата-аналардың біріне материалдық көмек тағайындау және төлеу Ережесін бекіту туралы" 2003 жылғы 23 тамыздағы N 179 қаулысына өзгеріс енгізу туралы**

### *Күшін жойған*

Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2005 жылғы 14 желтоқсандағы N 416 қаулысы . Батыс Қазақстан облыстық Әділет департаментінде 2005 жылғы 23 желтоқсанда N 2953 тіркелді. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2014 жылғы 18 қарашадағы № 305 қаулысымен.

**Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 18.11.2014 № 305 қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы", "Нормативтік-құқықтық актілер туралы", "Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы" Заңдарын басшылыққа ала отырып және қолданыстағы заңнамаларға сәйкес келтіру мақсатында облыс әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің "Мүгедек балаларды үйде тәрбиелейтін және оқытатын ата-аналардың біріне материалдық көмек тағайындау және төлеу Ережесін бекіту туралы" 2003 жылғы 23 тамыздағы N 179 қаулысына (тіркеу N 2280, облыстық "Орал өңірі" және "Приуралье" газеттерінің 2003 жылғы 21 қыркүйектегі N 114, 115 сандарында жарияланған; Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2004 жылғы 6 қаңтардағы N 2, тіркеу N 2410; 2005 жылғы 9 наурыздағы N 87, тіркеу N 2903 қаулыларымен енгізілген; облыстық "Орал өңірі" және "Приуралье" газеттерінің 2004 жылғы 29 қаңтардағы N 12, 2005 жылғы 5 сәуірдегі N 40 сандарында жарияланған өзгерістермен қоса) төмендегідей өзгеріс енгізілсін:

аталған қаулымен бекітілген Мүгедек балаларды үйде тәрбиелейтін және оқытатын ата-аналардың біріне материалдық көмек тағайындау және төлеу Ережесіне:

1-бөлім 2-тармақтағы "16" саны "18" санымен ауыстырылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары А. С. Иманғалиевке жүктелсін.

*Облыс әкімі*

